

Қазақстан Республикасында арнайы жедел-іздігіру шараларын жүргізуге арналған ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнаулы техникалық құралдарын әзірлеу, шығару, жөндеу және сату саласындағы қызметті лицензиялаудың тәртібі және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 маусымдағы N 967. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.23. N 528 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.23. N 528 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, арнайы шұғыл-іздігіру шараларын жүргізуге арналған криптографиялық құралдарды әзірлеуге, шығаруға, жөндеуге және сатуға байланысты қызметті мемлекеттік реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасында арнайы жедел-іздігіру шараларын жүргізуге арналған ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнаулы техникалық құралдарын әзірлеу, шығару, жөндеу және сату саласындағы қызметті лицензиялаудың тәртібі және біліктілік талаптары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 13 маусымдағы

N 967 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында арнайы жедел-іздігіру шараларын жүргізуге арналған ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын, арнаулы техникалық құралдарын әзірлеу, шығару, жөндеу және сату саласындағы қызметті

лицензиялаудың тәртібі және біліктілік талаптары туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына және "Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

I. Жалпы ережелер

1. Республика аумағында арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

2. Өтініш беруші Үкімет белгілеген нысандағы өтінішін және лицензияланатын қызметтің ерекшеліктеріне байланысты, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензия сұралып отырған қызмет түрі бойынша ұйымдастыру және техникалық ұсыныстар көрсетілген өтініш берушінің анкетасын (қоса беріліп отыр) лицензиардың қарауына ұсынсын.

3. Мемлекеттік құпиялар санатына кіретін ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын әзірлеуге, шығаруға, жөндеуге және сатуға байланысты қызметті заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет және басқару органдарының мүддесінде ғана жүзеге асыра а л а д ы .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрамайтын мәліметтерді қорғауға арналған ақпараттарды қорғаудың криптографиялық құралдарын әзірлеуге және сатуға байланысты қызмет Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Қазарнаулықәсіпорын" республикалық мемлекеттік кәсіпорынында басты және техникалық құжаттаманы міндетті түрде депозициялаумен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.25. N 379 қ а у л ы с ы м е н .

4. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарға:
арнаулы техникалық құралдар (АТК) - құрылғылар, аппаратура бейімделіп жасалған құралдар, жабдықтар, оның ішінде шұғыл ізвестіру шараларын жүргізу барысында ақпаратты құпия табу мен құжаттауға арналған арнаулы функциялары, бағдарламалық қамтамасыз етуі және конструкциялық ерекшеліктері бар өндірістік және тұрмыстық мақсатқа арналған бұйымдар мен тауарлар түрінде жасалғандары;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары (АҚКК) - кез келген

құралдар, мазмұнын жасыру және/немесе аутентификацияны* қамтамасыз ету мақсатымен ақпаратты қайта өзгерту алгоритмдері және әдістері жатады.

Ескерту: <*> Аутентификация деп ақпараттың түпнұсқа екенін анықтау түсініледі және алынған ақпарат бұрмаланбай берілді дегенді білдіреді.

Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдардың тізбесін лицензиар белгілейді.

5. Заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының "Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы" Заңының субъектілеріне жатпайтын мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың пайдалануына арналған арнаулы техникалық құралдардың жекелеген түрлерін әзірлеуге шығаруға, жөндеуге және сатуға байланысты қызметті жүзеге асыра алады.

II. Лицензиялауға жататын қызмет түрлерінің құрылымы

6. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды әзірлеуге:
арнаулы техникалық құралдарды әзірлеу;
арнаулы техникалық құралдарға жататын бағдарламалық қамтамасыз етуді
ә з і р л е у ;

ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын әзірлеу;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарына жататын бағдарламалық
қамтамасыз етуді әзірлеу мен қоса алып жүру;

арнаулы техникалық құралдар саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары саласындағы
ғ ы л ы м и - з е р т т е у қ ы з м е т і ;

арнаулы техникалық құралдарды сақтау ("Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы"
Заң субъектілерінің сақталуын қоспағанда);

ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын сақтау жатады.

7. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды шығаруға:
арнаулы техникалық құралдарды шығару;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын шығару;
арнаулы техникалық құралдарға жататын бағдарламалық қамтамасыз етуді
қ о с а а л ы п ж ү р у ;

арнаулы техникалық құралдарды сақтау ("Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы"
Заң субъектілерінің сақталуын қоспағанда);

ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын сақтау жатады.

8. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды жөндеуге:
арнаулы техникалық құралдарды жөндеу және техникалық қоса алып жүру;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын жөндеу және қоса алып
ж ү р у ;

арнаулы техникалық құралдарды сақтау ("Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы"
Заң субъектілерінің сақталуын қоспағанда);

ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын сақтау жатады.

9. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды сатуға:
арнаулы техникалық құралдарды сату (оның ішінде басқадай беру);
арнаулы техникалық құралдарға жататын бағдарламалық қамтамасыз етуді
сату (соның ішінде басқадай беру);
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын сату (соның ішінде
б а с қ а д а й б е р у) ;
арнаулы мақсаттағы техникалық құралдар саласында
ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарына жататын бағдарламалық
қамтамасыз етуді сату (соның ішінде басқадай беру);
арнаулы техникалық құралдарды пайдалану ("Шұғыл-ізвестіру қызметі
туралы" Заң субъектілерінің пайдалануын қоспағанда);
коммерциялық деңгейдегі ақпаратты қорғаудың криптографиялық
қ ұ р а л д а р ы н п а й д а л а н у ;
үй-жайлардағы ақпараттың радиоарна, электромагниттік сәуле арнасы және
деректерді техникалық жолмен беру арнасы арқылы жайылуынан
қорғалатындығын тексеру жөніндегі қызмет көрсету;
үй-жайлардағы ақпараттың радиоарна, электромагниттік сәуле және
деректерді техникалық арналармен беру арқылы жайылуынан қорғау қызметін
к ө р с е т у ;
арнаулы техникалық құралдар саласында жарнамалық-көрсету және
консультативтік қызмет көрсетулер;
арнаулы техникалық құралдарды сақтау ("Шұғыл-ізвестіру қызметі туралы"
Заң субъектілерінің сақталуын қоспағанда);
ақпараттағы қорғаудың криптографиялық құралдарын сақтау.

III. Біліктілік талаптары

10. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды әзірлеуге қойылатын
б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

әзірлеу жөніндегі барлық материалдардың құпиялық режимін қамтамасыз ету
ш а р т т а р ы ;

әзірлеу жөніндегі барлық материалдардың сақталуының арнайы шарттарының
қ а м т а м а с ы з е т і л у і .

11. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды шығаруға қойылатын
б і л і к т і л і к т а л а п т а р ы :

- әзірленгеннен кейін жасалған техникалық сараптаманың оң
қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң б о л у ы ;

- жасалатын құралдарға қатысты кез келген мәліметтің құпиялылығын

қамтамасыз ету шарттары;

жасалатын құралдарды және оларға қатысты кез келген материалдарды сақтаудың арнайы жағдайларын қамтамасыз ету шарттары.

12. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды жөндеуге қойылатын біліктілік талаптары:

1) арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды жөндеу, техникалық қоса алып жүру мен сервистік қызмет көрсету барысында функционалдық өзгерістердің (алгоритмдерді өзгертудің) болмауы;

2) жөндеу, техникалық қоса алып жүру мен сервистік қызмет көрсету барысында жасалған немесе арнаулы мақсаттағы техникалық құралдардағы жол берілетін басқа да өзгерістердің құжатталуы, енгізілген өзгерістер жөніндегі құжаттамаларды техникалық құралдар құжаттамасымен және басқа да қажетті материалдармен бірге техникалық сараптамаға өткізу, техникалық сараптаманың қорытындысын лицензиарға мынадай ақпаратпен бірге ұсыну;

модификацияланған арнаулы мақсаттағы техникалық құралдың толық атауы, модельдік (нұсқаның) нөмірі, сериялық нөмірі, шығарушы фирманың атауы және оның мемлекетке қатыстылығы, егер шығарушы жеке тұлға болса - аты-жөні, туған жылы, азаматтығы, төлқұжат деректері;

арнаулы мақсаттағы техникалық құралдар иесіне нұсқайтын мынадай нысандағы деректер:

заңды тұлғалар үшін: атауы, мемлекетке қатыстылығы, ұйымдық-құқықтық нысаны, қашан, қайда және кім тіркегені, заңды мекен-жайы;

жеке тұлғалар үшін: аты-жөні, туған жылы, азаматтығы, төлқұжат деректері, тұратын жері.

13. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарды сатуға қойылатын біліктілік талаптары:

сатылатын техникалық құралдардың АТҚ және АҚКҚ техникалық параметрлеріне сай келуі;

тұтынушылардың әртүрлі санаттарына беруге рұқсат етілген, лицензиармен келісілген мәліметтер тізбесінің болуы;

үй-жайлардың қорғалғандығын тексеруге арналған арнаулы техникалық құралдардың сапасы жөніндегі сертификаттың болуы;

үй-жайларды ақпараттың жайылуы жағынан тексеру мен қорғау әдістемесі жөніндегі технологиялық құжаттаманың болуы.

14. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызмет, жұмысты орындау мен қызмет көрсетудің техникалық сараптама айқындайтын, жоғары сапасы болғанда жүзеге асырылады.

15. Арнаулы техникалық құралдарды әзірлеуге, шығаруға және жөндеуге байланысты қызметті жүзеге асыру ақырғы өнімді техникалық сараптамадан

ө т к і з у д і

к ө з д е й д і .

16. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметке лицензия сұраған заңды жеке тұлғалар мынадай негізгі талаптарға сай болуға т и і с :

инженерлік-техникалық қызметшілерінің өтініш берілген қызмет саласында біліктілігінің және кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы" Заңға сәйкес лицензияланатын қызметпен айналысуға медициналық қарсы дәлелдердің болмауы.

IV. Лицензиялар: түрлері, нысандары және мазмұны

17. Лицензия оның иесінің (заңды немесе жеке тұлғаның) арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметті белгілі бір аумақтық шекарада, көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзім ішінде, лицензияға енгізілген талаптар мен шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асыруға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

18. Қызметтің әрбір түріне лицензиялаудың құрылымына сәйкес жеке лицензия беріледі. Кәсіпкерлік қызметтің бірнеше түрін жүргізуге бір лицензия б е р і л у і м ү м к і н .

19. Лицензиялар ажырағысыз болып табылады, яғни лицензиат оларды басқа заңды немесе жеке тұлғаларға бере алмайды. Лицензияның күші лицензиатпен шарттық қарым-қатынастағы үшінші тұлғаға тарамайды.

20. Лицензиялардың қолданылу мерзімі: лицензиарлар мерзіміне қарай бас лицензия және бір жолғы лицензия болуы м ү м к і н .

21. Лицензияның нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

V. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

22. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия біліктілік дәрежесі осы Ережеде қойылған талаптарға сай келетін заңды немесе жеке тұлғаға (бұдан әрі - өтініш б е р у ш і г е) б е р і л е д і .

23. Арнаулы техника құралдарымен байланысты қызметті жүзеге асыруға құқық беру туралы өтініш шұғыл-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның хатының (ұсынымының) негізінде қаралады, органның ол құпия почта арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің лицензиялау жөніндегі комиссиясына жіберіледі.

24. Лицензия алуға қажетті құжаттар:

1) өтініш және белгіленген үлгідегі толтырылған анкета (қоса беріліп отыр);

2) лицензиаттың біліктілік талаптарына сай екенін растайтын құжаттар: құрылтай құжаттарының көшірмелері (заңды тұлғалар үшін кәсіпорынның жарғысы мен құрылтай шарты);

заңды тұлғалар үшін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; лицензиялық алымдарды төлегені туралы құжаттардың көшірмесі; өтініш беріліп отырған қызмет түрінің қауіпсіздік талаптарының қамтамасыз етілуін растайтын құжаттардың көшірмелері (оның ішінде заңдарда көзделген жағдайларда санитарлық және экологиялық бақылау органдарының қорытындылары);

арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен жұмыс істеуге тікелей қатысы бар қызметкерлердің белгіленген тәртіп бойынша өздеріне қатысты тексеру шараларын жүргізуге келіскенін растайтын құжаттар (заңды тұлғалар үшін);

мемлекеттік құпияны қорғауды қамтамасыз ету, қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу жөніндегі талаптарды қызметкерлердің орындау міндеттемелеріне қатысты еңбек шарттарының (келісім-шарттарының) көшірмелері (заңды тұлғалар үшін).

25. Өтініш берушіден осы Ережеде көзделмеген құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

26. Өтінішті қарау 24-тармақта көрсетілген құжаттар мен құқық қорғау ұйымдарының арнаулы тексеру бойынша оң қорытынды болған жағдайда жүргізіледі.

27. Өтінішті және онымен қоса берілген құжаттарды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің лицензиялау жөніндегі комиссиясы қарайды. Тіркелген сәттен бастап 30 күннің ішінде өтініш берушіге не қызметтің өтінілген түрін жүзеге асыруға лицензия не дәлелді жазбаша бас тарту беріледі. Өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды қарау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті комиссия құра алады.

VI. Лицензия бергені үшін ақы төлеу

28. Лицензиялық алым мен өтінішті қарағаны үшін ақының мөлшерін, оларды төлеудің тәртібін, сондай-ақ лицензиялық органның пайдасына аударымдардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

VII. Лицензия беруден бас тарту

29. Лицензиялаушы орган, егер:
24-тармақта көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмаса;
өтініш беруші ұсынған құжаттарда жалған немесе бұрмаланған ақпарат болса;

өтініш беруші осы Ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сай болмаса;
лицензия бергені үшін алым төленбесе;
арнайы тексерудің теріс нәтижелері болса;
өтініш берушіге қатысты соттың қызметтің осы түрімен айналысуына тыйым салатын шешімі болса лицензия беруден бас тартуға құқылы.

30. Лицензия беруден бас тартылғандығы туралы хабар өтініш берушіге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде жазбаша нысанда, бас тартудың себептері көрсетіле отырып ұсынылады.

31. Егер лицензия мерзімінде берілмесе немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз болып көрінсе, ол бір ай мерзім ішінде бұл әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

VIII. Лицензияның қолданылуын тоқтату күшін жою және оны кері қайтарып алу

32. Лицензиар мынадай жағдайларда:
лицензиаттан тиісті өтініш түскенде;
лицензиардың немесе уәкілетті органның қызметке тексеру жүргізуінің нәтижесінде лицензия шарттарының бұзылғандығы анықталғанда;
лицензия алу үшін ұсынылған құжаттардан жалған деректер табылғанда;
лицензиядағы лицензия ережелері мен талаптарының сақталуына бақылау жасау үшін қажетті мәліметтерді лицензиарға ұсынудан бас тартылған жағдайда лицензияның күшін алты айға дейін мерзімге тоқтата алады.

Тоқтатылған уақыт лицензия күшінде болатын жалпы мерзімге кіреді.

33. Лицензиат лицензия күшін тоқтату туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

34. Лицензияның күші тоқтатылған себептер жойылғаннан кейін (бірақ алты айдан кешіктірмей) лицензия қайта күшіне енеді. Лицензия лицензиялаушы орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін қайта күшіне енген болып есептеледі, бұл туралы лицензиат пен салық қызметі органдарына үш күн мерзім ішінде хабарланады.

35. Лицензия тек:
лицензия берілген мерзім аяқталғанда;
лицензия берілген әрекеттер толық көлемінде орындалғанда;
лицензия кері қайтарылып алынғанда;
азамат кәсіпкерлік қызметін тоқтатқанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда ғана өз күшін жояды.

Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

36. Лицензия күшінің жойылуына байланысты дауларды сот шешеді.

37. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мынадай жағдайларда:
лицензиат лицензияда көрсетілген талаптарды орындамағанда;
сот лицензиатқа лицензия берілген қызмет түрімен айналысуға тыйым
с а л ғ а н д а ;

лицензиар лицензияның күшін тоқтатқан себептер жойылмағанда лицензия
сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

38. Лицензияның күші тоқтатылған кезде лицензия беру үшін төленген алым
қ а й т а р ы л м а й д ы .

39. Лицензияның күші тоқтатылған жағдайда лицензиар (лицензиялық
комиссия) мұндай шешім қабылдағаннан кейін бір апта мерзім ішінде лицензия
иелеріне тоқтату себептерін көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлайды.

IX. Лицензиаттардың құқықтары мен міндеттері

40. Лицензия иелері:

лицензияның барлық шарттарының оның бүкіл қолданылу мерзімі ішінде
о р ы н д а л у ы н ;

лицензиялаушы органның сұратуы бойынша статистикалық және
анықтамалық деректерді, лицензияланатын қызметке байланысты басқа
м ә л і м е т т е р д і б е р у д і ;

лицензиат жүзеге асыратын қызметке инспекциялық тексеру жүргізу
м ү м к і н д і г і н ;

Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын, арнаулы техникалық
құралдарды, ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын техникалық
пайдалану мен қызмет көрсетудің белгіленген нормаларын, ережелерін сақтауды
қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

41. Лицензиаттың лицензиардың рұқсатынсыз өзі жасап шығаратын немесе
сататын арнаулы техникалық құралдарды жарнамалауға, оның мақсаты,
тактикалық-техникалық сипаттамасы және оны қолдану тәсілдері туралы
а қ п а р а т т ы т а р а т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

42. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметті
тиісті лицензиясыз немесе лицензиялық нормалар мен ережелерді сақтамай
жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген
жауаптылыққа әкеп соғады.

X. Лицензия шарттарының орындалуына бақылау жасау

43. Лицензияда көзделген шарттардың орындалуына бақылауды лицензиар
ж ү з е г е а с ы р а д ы , о н ы ң :

лицензиаттың жүзеге асыруына, лицензия берілген қызметіне жоспарлы және
жоспардан т ы с т е к с е р у л е р жүргізуге;
техникалық сипаттамалардың арнаулы техникалық құралдар мен ақпаратты

қорғаудың криптографиялық құралдарын техникалық пайдаланудың және қызмет көрсетудің нормалары мен ережелеріне сай келуін анықтау мақсатымен инспекция жүргізуге;

жүргізілген тексерулердің қорытындыларын жасауға және оларды лицензиатқа жіберуге құқығы бар.

44. Жоспарлы тексерулер мен инспекциялар жүргізудің саны мен мерзімі лицензиатпен келісіледі, бірақ ол жарты жылда бір реттен артық жүргізілмеуге тиіс.

45. Лицензиар лицензия бланкілерін сатып алуды, есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады. Лицензиялар ұсынушы үшін бағалы қағаздар деңгейінде қорғалған, есептік сериясы мен нөмірі бар үлгі бланкілерде ресімделеді.

46. Лицензиар арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметке тіркелген лицензиялардың бірыңғай республикалық тізілімін, сондай-ақ, тоқтатылған, кері қайтарылып алынған және күшін жойған лицензиялардың тізілімін жүргізеді.

XI. Лицензиардың жауапкершілігі

47. Лицензия беруден негізсіз бас тартқаны, өтініштерді қарау мерзімін бұзғаны, лицензияның күшін негізсіз тоқтатқаны үшін лицензиар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

Қосымша

ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ АНКЕТАСЫ

1. Кәсіпорынның атауы _____

(құрылтай құжаттарының көшірмелерімен

растауды талап етеді)

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік N _____

19__ ж. "____" _____ берілді _____

(кім және қай жерде берді)

Ұйымдастыру-құқықтық нысаны _____

(Құрылтай құжаттарының

көшірмелерімен растауды талап етеді)

2. Реквизиттер (тиісті құжаттардың көшірмелерімен растауды талап етеді)

заңды мекен-жайы _____

_____, тел./бөлім _____

_____, факс/бөлім _____

Қызмет көрсететін банктің атауы _____

_____ қаласында:

Есепшот N _____, код _____

МФО _____ қаласында

(есепке қойылғаны туралы салық органдарының мөртаңбасы басылған анықтамамен растауды талап етеді)

3. Кәсіпорынның негізгі қорларын иелену мен оларға билік ету құқықтары (иелену құқығы - толық өтініш берушінің, басқа заңды тұлғамен бірлесіп, басқа заңды тұлғаның толық құқығы - жалдау құқығымен пайдалануы)

_____ (мүлікке иелік ету, шаруашылық иелік ету

_____ құқығына құжаттардың көшірмелерімен растауды талап етеді)

_____ мүлікті жалдау шарты)

4. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметтің өтініш беріліп отырған түрі:

5. Лицензияның сұралып отырған қолданылу мерзімі: _____

6. Лицензияның сұралып отырған түрі _____

(басты немесе бір жолғы), бір жолғы лицензия сұратылғанда -

лицензия сұратылып отырған операция.

7. Өтініш беріліп отырған қызмет түрін жүзеге асыру жөніндегі ниеті _____

(сипаттама түрінде: ықтимал жабдықтаушылар, тұтынушылар,

_____ операциялардың көлемі бизнес-жоспар) _____

8. Арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметтің тиісті түрін орындау үшін нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету, ұйымдастыру-техникалық мүмкіншіліктер және материалдық-техникалық жарақтандыру туралы деректер (Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары белгілеген нысан бойынша): _____

9. Инвестицияның ықтимал көздері (өз қаражаты, бюджет есебінен қаржыландыру, үкімет кепілдігі бар немесе кепілдігі жоқ банк несиелері, акцияларды шығару және сату) _____

(тиісті құжаттардың

_____ көшірмесімен растауды талап етеді) _____

10. Көрсетілетін қызметті тұтынушылармен қарым-қатынас бойынша
д е р б е с т і к д ә р е ж е с і

(дербес жүзеге асырылады, делдалдар - "қызмет
көрсетушілер" қажет етіледі немесе өтініш берушінің өзі басқа
заңды тұлғаның делдалы болып табылады, Тиісті құжаттардың
көшірмесімен растауды талап етеді)

11. Анкетаға сонымен қатар мынадай құжаттар қоса беріледі:
кәсіпорындарда істейтін қызметкерлер саны (барлығы);
кәсіпорында істейтін қызметкерлердің біліктілігі
(ғылыми-техникалық қызметкер /ҒТҚ/, инженерлік-техникалық
қызметкерлер /ИТҚ/, күзетші, жұмысшылар);
арнаулы техника бұйымдарымен ақпаратты қорғаудың
криптографиялық және басқа да құралдарымен істелетін
жұмыстарға тікелей қатысы бар қызметкерлер (әрқайсысын
аты-жөні көрсетілген тізім, олардың әрқайсысының анкеталық
және өмірбаяндық деректері, мамандардың кәсіби даярлығы туралы
мәліметтер); қызметкерлердің көрсетілген сипаттарының
өздеріне қатысты құқық қорғау органдарының белгіленген
тәртіппен тексеру шараларын жүргізуіне қарсы еместігі туралы
ж а з б а ш а к е л і с і м і ;
арнаулы мақсаттағы техникалық құралдарға қатысты ақпаратты
таратпау жөніндегі талаптарды орындауы туралы міндеттемесі
көрсетілген еңбек шартының (контрактісінің) көшірмесі;
қызметтің арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты
түріне техникалық сараптама жүргізу туралы лицензиялаушы
органмен келісімі (лицензиар белгілейтін нысан бойынша);
арнаулы мақсаттағы техникалық құралдармен байланысты қызметтің
өтініш берілген түрінің қауіпсіздігі (соның ішінде санитарлық,
экологиялық және өрт қауіпсіздігі) қамтамасыз етілетіндігін
растайтын құжаттардың көшірмесі (тиісті құжаттардың
көшірмесімен растауды талап етеді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК